

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 37 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 7 мамырда тіркелді. Тіркеу N 754. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 3 ақпандағы № 14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 03.02.2014 № 14 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының төлем жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында корреспонденттік қатынастар орнату ережелері бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен б а с т а п к ү ш і н е е н г і з і л с і н .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қ а у л ы с ы м е н .

2. Заң департаменті (Сизова С.И.) Төлем жүйесі басқармасымен (Мұсаев Р.Н.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде т і р к е у д е н ө т к і з с і н .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қ а у л ы с ы м е н .

3. Төлем жүйесі басқармасы (Мұсаев Р.Н.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап бір апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің

корреспонденттік есепшот шарты жасалғаннан кейін ашылады. Корреспонденттік есепшот шартының талаптарына сәйкес Ұлттық Банк екінші деңгейдегі банктің немесе ұйымның пайдасы үшін түсетін ақшаны қабылдауға, екінші деңгейдегі банкке, ұйымға немесе үшінші адамдарға тиісті ақша сомасын аудару (беру) туралы екінші деңгейдегі банктің, ұйымның өкімін орындауға және корреспонденттік есепшот шартында көзделген басқа да қызметтерді көрсетуге м і н д е т т е н е д і .

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді; екінші сөйлемде және одан әрі мәтін бойынша "екінші деңгейдегі" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136, 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

3. Осы Ережелер Ұлттық Банктің баланстық есепшоттарына және солар бойынша ашылатын Ұлттық Банктің бухгалтерлік есеп позициясын көрсететін жеке есепшоттарына, сондай-ақ банктердің ең төменгі резервтік талаптарды орындау тәртібін белгілейтін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Ұлттық Банктің банкке қоятын ең аз резервтік талаптарының сомасын депондау үшін ашылатын есепшоттарға қолданылмайды.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

4. Ұлттық Банк ақылы негізде корреспонденттік есепшоттарды жүргізуді, банктің, ұйымның қолма-қол ақшасын қабылдау және беру операцияларын орындауды және басқа қызметтерді жүзеге асыруға құқылы. Ол көрсететін қызметтердің түрлері мен оларға төленетін ақының мөлшерін Ұлттық Банк өз б е т і н ш е б е л г і л е й д і .

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136 қаулысымен.

5. Осы Ережелерде пайдаланылатын терминдердің мағынасы мынадай:

1) ақша аударудың бастамашысы (бұдан әрі - бастамашы) - ақша аудару туралы нұсқауды алғаш рет орындауға ұсынған адам;

2) банктік сәйкестендіру коды - ақша аудару не төлеу туралы нұсқауды ұсынған кезде банктерді және Қазақстан Республикасы төлем жүйелерінің қатысушылары - ұйымдарды сәйкестендіруге арналған символдардың тізбегі;

3) нұсқау - шарттың және заңның талабына сәйкес ақша аудару не төлеу туралы жіберушінің алушы банкке ұсынатын бұйрығы. Нұсқаулар тапсырма нысанында не талаптар нысанында жасалады;

4) банктік сәйкестендіру кодтарының анықтамалығы - банктер мен ұйымдардың жүйеге келтірілген, олардың банктік сәйкестендіру кодтары және басқа деректемелері бар тізбесі:

5) банктің коды, банк филиалының коды – клиенттің банк шотының нөмірін қалыптастыру, экспорттық-импорттық валюталық бақылау мақсатында және өзге мақсаттарда пайдалану үшін банктерге, ұйымдарға және олардың филиалдарына Ұлттық Банк беретін, үш цифрлық разрядтан тұратын бірегей нөмір.

Ескерту: 5-тармаққа толықтыру, өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 мамырдағы N 172, 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136, 2007.06.25. N 66 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2008.10.24. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2009.09.25 N 91 (2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

2-тарау. Банктің және ұйымның Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашу тәртібі

Ескерту: 2-тарау жаңа редакцияда жазылды, атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 мамырдағы N 172 қаулысымен, 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136 қаулысымен.

6. Корреспонденттік есепшот шартын жасау үшін банктер Ұлттық Банктің төлем жүйелері бөлімшесіне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) банк операцияларын жүргізуге лицензиясының көшірмесін, сондай-ақ Қазақстан Республикасында банктік есепшоттар ашу жөніндегі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға және осы Ережелерге сәйкес құжаттарды береді.

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005.11.17 N 147, 2009.08.24 N 85 Қаулыларымен.

6-1. Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашу үшін банк ұсынған құжаттарды қарауды және корреспонденттік шот шартын жасау үшін оған жіберуді төлем жүйелері бөлімшесі толық құжаттар пакеті ұсынылған күннен бастап бір ай ішінде жүзеге асырады.

Ескерту: 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

7. Ұлттық Банк Басқармасының шешіміне сәйкес Ұлттық Банкте қызмет көрсетілуі тиіс ұйымдар уәкілетті мемлекеттік органның аударым операцияларын жүргізуге лицензиясы немесе Ұлттық Банктің банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау бойынша операцияларды (бұдан әрі – инкассациялау бойынша операциялар) жүргізуге лицензиясы болғанда, банкаралық ақша аударымы жүйесін пайдаланушы мәртебесін алу мақсатында Ұлттық Банкте ұлттық валютамен корреспонденттік шот аша алады.

Инкассациялау бойынша операциялар жүргізуге лицензиясы бар ұйымға ол банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру бойынша операцияларды қоса атқарған кезде корреспонденттік шот ашуға жол беріледі.

Ескерту: 7-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 85 қаулысымен.

8. Ұлттық Банкте корреспонденттік есепшот ашу туралы мәселені қарау үшін ұйымдар Ұлттық Банктің банктік есепшоттар ашу тәртібін белгілейтін нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген құжаттардан басқа мынадай құжаттарды Ұлттық Банктің төлем жүйелері бөлімшесіне ұсынуға тиіс:

осы ұйымды ақша аударудың банкаралық жүйесіне қосуға қажетті мынадай ақпарат кіретін негіздеме:

ақша аударудың банкаралық жүйесі арқылы операциялардың болжамды саны мен көлемі (бір айға);

жүзеге асыру үшін ақша аударудың банкаралық жүйесіне қосуға қажетті операциялардың тізбесі;

ұйым клиенттерінің болжамды саны;

ұйымда қолданылатын ақпаратты санкция берілмеген кіруден қорғаудың ұйымдастыру және бағдарламалық-технологиялық шараларының сипаттамасы;

бағдарламалық-техникалық құралдардың және ұйым пайдаланатын телекоммуникация желілерінің сипаттамасы;

уәкілетті мемлекеттік органның аударым операцияларын немесе инкассациялау бойынша операцияларды жүргізуге лицензиясының көшірмесі.

Инкассациялау бойынша операцияларды жүзеге асыратын ұйымдар банкноталарды, монеталарды және құндылықтарды қайта санау, сұрыптау, орау, сақтау, сондай-ақ банктерге және банктердің тапсырмасы бойынша олардың клиенттеріне беру бойынша операцияларды қоса атқарған кезде олардың үй-жайларының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4817 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының " Екінші деңгейдегі банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың үй-жайларын күзету мен жайластыруды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2007 жылғы 28 мамырдағы N 56 қаулысының талаптарына сәйкес келуі туралы Ұлттық Банктің оң қорытындысын қосымша ұсынады

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.09.25 N 136, 2005.11.17 N 147, 2006.08.12 N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.08.24 N 85 қаулыларымен.

8-1. Ұйымға корреспонденттік есепшот ашу туралы мәселені қараған кезде Ұлттық Банк ұйымның төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының төлем жүйесіне кірудің бағдарламалық-техникалық құралдарына қойылатын талаптарды белгілейтін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

8-2. Төлем жүйелері бөлімшесі ұйым Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1199 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының банктерінде клиенттердің банктік есепшоттарын ашу, жүргізу және жабу ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 266 қаулысында белгіленген талаптарына сәйкес келетін құжаттарды ұсынған күннен бастап отыз күн ішінде және осы Ереженің 8-1-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын тексерулер нәтижесі бойынша ескертулер болмаған жағдайда, корреспонденттік шот ашу туралы мәселені Ұлттық Банк Басқармасының қарауына ұсынады.

Төлем жүйелері бөлімшесі Ұлттық Банк Басқармасының осы ұйымның корреспонденттік шотын ашу туралы қаулысын алған осы күннен бастап он жұмыс күні ішінде корреспонденттік шот шартын жасау үшін ұйымға жібереді.

Ұлттық Банктің еншілес ұйымымен корреспонденттік шот шартын жасау үшін Ұлттық Банк Басқармасының корреспонденттік шотын ашу туралы қаулысы талап етілмейді. Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашу үшін Ұлттық Банктің еншілес ұйымдары ұсынған құжаттарды қарауды және корреспонденттік шот шартын жасау үшін оған шартты жіберуді төлем жүйелері бөлімшесі толық құжаттар пакеті ұсынылған күннен бастап бір ай ішінде жүзеге асырады.

Ескерту: 8-2-тармақ жаңа редакцияда, өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.08.24 N 85 қаулыларымен.

8-3. Банкпен, ұйыммен не Ұлттық Банктің еншілес ұйымымен корреспонденттік шот шартын жасағаннан кейін Ұлттық Банк оларға банктік сәйкестендіру кодын және жеке сәйкестендіру кодын береді.

Банктік сәйкестендіру кодын беруді Ұлттық Банктің банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшесі (бұдан әрі - банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жүргізеді.

Банкте немесе ұйымда ISO-ның (International Organization for Standardization) 9362: Bank Identifier Code халықаралық стандартына сәйкес берілген банктік сәйкестендіру коды болған кезде, банк немесе ұйым осы банктік сәйкестендіру кодын оны банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше банктік

сәйкестендіру кодтарының анықтамалығына енгізгеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында пайдаланады. Осындай банктік сәйкестендіру коды латын әліпбиінің сегіз не он бір әріптік-цифрлық символдарынан тұруы мүмкін.

Банк немесе ұйым ISO-ның (International Organization for Standardization) 9362: Bank Identifier Code халықаралық стандартына сәйкес берілген банктік сәйкестендіру кодын Қазақстан Республикасының аумағында пайдалану туралы өтініш жасаған жағдайда Ұлттық Банк берген банктік сәйкестендіру коды ж о й ы л а д ы .

Банк немесе ұйым өздерінің деректемелері (банктің және ұйымның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі) өзгерген кезде бұл туралы он жұмыс күні ішінде растау құжаттарын қоса бере отырып, Ұлттық Банкке жазбаша хабарлайды.

Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше алынған ақпарат негізінде банктік сәйкестендіру кодтарының анықтамалығына өзгерістер енгізеді.

Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше апта сайын (әрбір бейсенбіде) банктік сәйкестендіру кодтарының анықтамалығын банктерге, ұйымдарға және Ұлттық Банктің құрылымдық бөлімшелеріне таратуды жүзеге асырады, сондай-ақ оны Ұлттық Банктің сайтына орналастырады. Банктік сәйкестендіру кодтарының анықтамалығын жоспардан тыс таратуға рұқсат е т і л е д і .

Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше корреспонденттік шот ашылғаннан кейінгі келесі бір жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті салық қызметі органдарына хабарларды кепілдікпен жеткізуді қамтамасыз ететін электрондық байланыс арналары арқылы сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, корреспонденттік шоттың ашылғаны туралы хабарлайды.

Техникалық проблемалардың туындауына байланысты осындай электрондық байланыс арналары арқылы корреспонденттік шоттың ашылғаны туралы хабарлауға мүмкін болмаған кезде хабарлама қағазға басылып салық төлеуші орналасқан (тұратын) жер бойынша салық органына үш жұмыс күні ішінде ж і б е р і л е д і .

Ескерту. 8-3-тармақ жаңа редакцияда жазылды, өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.10.24. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2012.03.26 № 108 (2-тармақты қараңыз) Қаулыларымен.

8 - 3 - 1 . < * >

Ескерту. 8-3-1-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.10.24. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

8-3-2. Банкке немесе ұйымға банк коды Ұлттық Банкте корреспонденттік шот ашудан бір мезгілде беріледі.

Банк филиалының коды банк филиалына немесе ұйымға беріледі және банк немесе ұйым Ұлттық Банкке мынадай құжаттарды ұсынғаннан кейін банктік сәйкестендіру кодтарының анықтамалығына енгізіледі:

- 1) банктің немесе ұйымның банк филиалына код беру туралы өтініш хаты;
- 2) Алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.03.26 № 108 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.
- 3) сәйкестендіру нөмірі бар құжаттың көшірмесі;
- 4) заңды тұлғаның филиалын есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі.
- 5) Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 8-3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.09.25 N 91 (2-т. қараңыз), өзгерістер енгізілді - 2012.03.26 № 108 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен

8 - 4 . < * >

Ескерту: 8-4-тармақ алынып тасталсын - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

8 - 5 . < * >

Ескерту: 8-5-тармақ алынып тасталсын - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

8-6. Ұйым Ұлттық Банкте корреспонденттік есепшот ашылған күннен бастап бір ай ішінде ақша аударудың банкаралық жүйесінің пайдаланушысы мәртебесін алмаған жағдайда, сондай-ақ ұйым Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер бойынша ақша аударудың банкаралық жүйесінің пайдаланушысы мәртебесінен айырылған жағдайда, Ұлттық Банк заңдарда және корреспонденттік есепшот шартында белгіленген тәртіппен ұйыммен жасалған корреспонденттік есепшот шартын бұзуға құқылы.

8-7. Корреспонденттік есепшот шарты, Ұлттық Банктің корреспонденттік шот ашу туралы салық қызметі органдарына хабарламасының көшірмесі, сондай-ақ корреспонденттік есепшот ашу үшін банк не ұйым (бұдан әрі - банк) берген құжаттар тігіледі және Ұлттық Банктің корреспонденттік есепшоттарды жүргізетін бөлімшесінде (бұдан әрі - Ұлттық Банктің бөлімшесі) әрбір клиент бойынша арнайы ашылған іс қағаздарында сақталады.

Банк ақша аударудың банкаралық жүйесінің пайдаланушысы мәртебесін алғаннан кейін іс қағаздарына, сондай-ақ банктің Орталықпен жасаған

шартының көшірмесін және осы банкті ақша аударудың банкаралық жүйесіне қосу жөніндегі қорытындысын (сипаттамасын) қосады.

Ескерту: 8-7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005.11.17 N 147, өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006.08.12 N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Қаулыларымен.

3-тарау. Банктің корреспонденттік есепшотын жүргізу тәртібі

9. Ұлттық Банк банктің Ұлттық Банкте корреспонденттік есепшотта жатқан ақшасын кедергісіз иелену құқын қамтамасыз етеді және онда қалған қалдық сомасының шегінде төлемдерді және/немесе ақша аударуды жүзеге асырады.

Корреспонденттік есепшотқа ие болу құқына берілетін сенімхатты корреспонденттік есепшот иесі - банк осы банктің лауазымды адамына ғана бере алады.

10. Ұлттық Банк Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде тікелей көзделген жағдайларда болмаса, ақша аударудың негіздерінің Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптарына сәйкес келу-келмеуін тексермейді.

11. Банктердің ақшасын ықтиярсыз алып қою (шығарып тастау), сондай-ақ Ұлттық Банкте оның корреспонденттік есепшотында жатқан ақшасын банктердің ие болу құқын шектеу заң актілерінде және (немесе) банк пен Ұлттық Банк арасындағы шартта көзделген жағдайда ғана мүмкін.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 85 қаулысымен.

12. Ұлттық Банк корреспонденттік есепшот шарты бойынша Ұлттық Банктің филиалының кассасы арқылы банкке және/немесе оның филиалына қолма-қол ақшаны бере алады/қабылдай алады.

13. Банк корреспонденттік есепшот шартына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәсілдермен Ұлттық Банкке төлем құжаттарын орындау үшін ұсынады.

14. Ақша аудару туралы нұсқауларды қабылдау және беру, сондай-ақ корреспонденттік есепшоттан үзінділер Ұлттық Банктің Операциялық күн кестесіне сәйкес (бұдан әрі - Операциялық күн кестесі) жүзеге асырылады.

15. Төлем тапсырмасын Ұлттық Банкке берген кезде банк төлем тапсырмасында көрсетілген адамның пайдасы үшін ақшасын аударуға Ұлттық Банкке өкілеттік береді.

16. Банк электрондық төлем тапсырмаларын Ұлттық Банкке Орталықтың төлем жүйелерінде пайдаланылатын форматтарда жібереді.

Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136 қаулысымен.

17. Ұлттық Банк пен банк арасында электрондық байланыс арналарын және телекоммуникацияны пайдалану мүмкіндігі болмаған жағдайда банк Ұлттық Банктің филиалына Орталықтың төлем жүйелерінде пайдаланылатын форматта магниттік тасымалшы мен төлем тапсырмасының мәтінін, төлем тапсырмасының қағаз тасымалшыдағы екінші данасын, сондай-ақ ұсынылған төлем құжаттарының тізбесінің екі данасын береді, тізбелерде әрбір төлем тапсырмасының нөмірі мен күні, оның сапасы, ақшаны жіберушінің және алушының банктік есепшоттары көрсетіледі. Төлем тапсырмасы сенімхат негізінде қабылданады.

Ескерту: 17-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 мамырдағы N 172 қаулысымен, 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136 қаулысымен.

18. Ұлттық Банктің филиалы осы Ережелердің 17-тармағында көрсетілген құжаттарды алған кезде әрбір төлем тапсырмасының барлық міндетті деректемелерін толтырудың дұрыстығын тексереді, қолда бар қол қою үлгілерін, банк мөрінің бедерін салыстырып тексереді.

Төлем тапсырмасының магниттік тасымалшымен берілген мәтіні қағаз тасымалшыдағы төлем тапсырмасымен салыстырылып тексеріледі, сондай-ақ осы төлем тапсырмаларының төлем құжаттарының берілген тізбесінде бар-жоғы тексеріледі.

19. Төлем құжаттарын қабылдаған кезде Ұлттық Банктің филиалы осы Ережелердің 17-тармағына сәйкес банк өткізген тізбені банктер өткізген төлем құжаттарының Тізімдемесін тіркеу Журналында тіркейді (бұдан әрі Журнал) (2 қосымша).

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 13 мамырдағы N 172, 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147, 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

20. Төлем тапсырмасының деректемелерінің дұрыс толтырылмауы, қолдар мен банк мөрі бедерінің қолдағы үлгілерге, сондай-ақ магниттік тасымалшыдағы төлем тапсырмасы мәтінінің қағаз тасымалшыдағы төлем тапсырмасының данасына сәйкес келмеуі және басқа кемшіліктер анықталған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы анықталған кемшіліктерді жою үшін төлем тапсырмасын қайтарып береді. Осы орайда төлем құжаттарының тізбесінде қайтарылған төлем тапсырмаларының деректемелерінің қарсысына қайтарылғандығы туралы белгі жасалады, Ұлттық Банк филиалының жауапты орындаушысының және банктің өкілетті адамының қолдары қойылады және тізбенің жиынтық сомасы

қайтарылған төлем тапсырмаларының сомасына түзетіледі. Журналда сома, акцептелмеген құжаттардың саны туралы тиісті белгі жасалады және қайтару себептері мен қайтарылған төлем тапсырмаларының деректемелері көрсетіледі.

21. Ұлттық Банктің филиалы алынған құжаттарды тексергеннен кейін сол күні төлем тапсырмасының мәтінін электрондық байланыс арналары бойынша банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшеге жібереді.

Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

22. Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше жіберуші банктің төлем тапсырмасын оның корреспонденттік шотын дебеттеу жолымен акцептейді және Банктің филиалына корреспонденттік есепшотты дебеттеу туралы х а б а р л а м а жі б е р е д і .

Ескерту: 22-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 293 қаулысымен, 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

23. Ұлттық Банктің филиалы банктің корреспонденттік есепшотын дебеттеу туралы хабарламаны алғаннан кейін, келесі күннен кешіктірмей ұсынылған төлем құжаттарының тізбесінің "қабылданды" деген белгі қойылған екінші данасы банкке қайтарылады. Тапсырылған төлем құжаттарының тізбесінің бірінші данасы және төлем тапсырмасының екінші данасы Ұлттық Банк филиалының құжаттарына тігіледі.

24. Төлем тапсырмасының акцепті қабылданбаған жағдайда банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше банкке акцептің қабылданбағаны туралы себептерін көрсете отырып тиісті хабарлама жібереді.

Банктің нұсқауларын қабылдаудан бас тарту негіздері мыналар:

- 1) төлем тапсырмасының дұрыс ресімделмеуі;
- 2) банктің корреспонденттік есепшотында ақшаның жеткілікті сомасының б о л м а у ы ;
- 3) заң және/немесе корреспонденттік есепшот шартының талаптарында белгіленген өзге де талаптардың сақталмауы.

Ескерту: 24-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

25. Ақша аударудың банкаралық жүйесіндегі банктің төлемдерін жүзеге асыру тәртібін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілері белгілейді. Ұлттық Банктің қосымша есебінде банктің осы операцияларының сальдосы көрсетіледі.

26. Банктердің корреспонденттік шоттарына ұсынылатын инкассалық өкімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Ұлттық Банкке қолма-қол, почта арқылы жеткізіледі не хабарларды кепілдікпен жеткізуді

қамтамасыз ететін электрондық байланыс арналары арқылы жіберіледі.

Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшесі инкассалық өкімдерді қабылдап алып, оларды инкассалық өкімдер журналында тіркейді.

Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше қолданылып жүрген заңдарда және шартта ерекше ескертілген жағдайда болмаса, инкассалық өкімдерді корреспонденттік есепшотты дебеттеу жолымен үш жұмыс күні ішінде а к ц е п т е й д і .

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000.09.22 N 355 қаулысымен, 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136, 2005.11.17 N 147, 2009.08.24 N 85 қаулыларымен.

27. Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше бастамашының осы инкассалық өкімнің барлық деректемелері қамтылған жазбаша өкімі негізінде ғана акцептелген және акцептелмеген инкассалық өкімді қайтарып алады, сондай-ақ инкассалық өкімнің орындалуын тоқтата тұрады.

Мұндайда нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру немесе акцептелген нұсқауды қайтарып алу оны алушы банк орындағанға дейін мүмкін болады.

Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 293, 2005.11.17 N 147 қаулыларымен.

28. Ұлттық Банк банктің нұсқауларын және үшінші адамдардың талаптарын Ұлттық Банктің акцептелінетін күннен кейінгі операциялық күнінен кешіктірмей орындайды.

29. Ұлттық Банк нұсқауларды орындаған кезде алушы банктің корреспонденттік есепшотын заңдарда белгіленген талаптарға сәйкес нұсқауда көрсетілген сомада кредиттейді.

Осы орайда Ұлттық Банк алушы банкке нұсқау, ал байланыстың электрондық төлем тапсырмасын және Операциялық күннің кестесіне сәйкес оның корреспонденттік есепшотын кредиттеу туралы хабарлама жіберуге міндетті.

30. Ұлттық Банкке түсетін төлем құжаттарының есебі Ұлттық Банктің операцияларын есепке алу жөніндегі Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Ұлттық Банктің ақша аудару жөніндегі жіберуші банк алдындағы міндеттемелері алушы банктің корреспонденттік есепшоттары кредиттелетін күні аяқталады.

32. Ақша аудару қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк санкция берілмеген аударымдық төлемдерден қорғану әрекетінің рәсімдерін ә з і р л е й д і және қ о л д а н а д ы .

Қорғану әрекетінің элементтері ретінде уәкілетті адамның (адамдардың) қолын, мөрлерді, алгоритмдерді, (сандық, әріптік, символдар қолданып және араласқан) кодтарды, сәйкестендіруші сөздерді немесе сәйкестендіруші

нөмірлерді, шифрлауды, қайтарып алу әдістерін немесе Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да қорғау тәсілдерін пайдалануға болады.

Ұлттық Банк және банк қорғау әрекетінің ресімдерін сақтауға және осы рәсімдерді қолдану және өткізу тәртібі туралы мәліметтердің сақталуына қарауға міндетті. Қорғау әрекетінің ресімдерін бұзған немесе бұзуға әрекеттенгені байқалған жағдайда банк осы фактілер туралы дереу Ұлттық Банкке хабарлауға міндетті. Ұлттық Банк банкпен бірге анықталған фактілерді жою жөнінде оларды анықтағаннан кейін келесі операциялық күннен кешіктірмей шара қолдануға тиіс.

33. Төлем жасауды және ақша аударуды аяқтау және корреспонденттік есепшот бойынша дебеттік сальдоны болдырмау мақсатында банк Ұлттық Банктің заемдарын Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен пайдалануға құқылы.

Ескерту: 33-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 542 қаулысымен.

34. Банктің ақшасын қабылдау (жазу), алып тастау (шығарып тастау) жөніндегі операциялық күн аяқталғаннан кейін Ұлттық Банк корреспонденттік есепшоттан үзінді жасайды, ол үзінді Операциялық күн кестесінде белгіленген уақытта банкке тапсырылады.

35. Ұлттық Банктен алынатын үзінділер бойынша банк өзінің ішкі корреспонденттік есепшоты бойынша өзінің Ұлттық Банктегі корреспонденттік есепшотта көрсетілген, жасалған төлемдердің сомасының дұрыс көрсетілуін күн сайын бақылап отырады.

36. Корреспонденттік есепшот бойынша жасалған операцияларды тексеру мақсатында банк ай сайын корреспонденттік есепшот бойынша (3 қосымша) жасалған операциялардың тексеру Ведомостын екі данада жасайды. Банктің мөрімен және уәкілетті адамдардың қолымен куәландырылған осы ведомость арнайы почтамен есеп беретін айдан кейінгі айдың 5-іне дейінгі мерзімде банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшеге жіберіледі.

Корреспонденттік шоттағы қалдық бойынша сәйкес келмеушіліктер мен алшақтықтар болған жағдайда банк осы сәйкес келмеудің және алшақтықтың туындау себептерін көрсете отырып ілеспе хат ұсынады.

Ескерту: 36-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147, 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

37. Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше корреспонденттік есепшот бойынша жасалған операцияларды тексеру Ведомостын Ұлттық Банктің есептеу мәліметтерімен салыстырып тексереді, олар

сәйкес келген жағдайда оның бөлімше басшысының қолымен куәландырылған және мөр қойылған екінші данасын есеп беретін айдан кейінгі айдың 10-ына дейінгі мерзімде банкке жібереді.

Ескерту: 37-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

3-1-тарау. Консервация режимінде тұрған банктің корреспонденттік шотын жүргізу тәртібі

Ескерту: 3-1-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

37-1. Уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушының) мүшелері қолдарының үлгілері және банк мөрінің таңбасы бар құжатты Ұлттық Банкке ұсынады.

37-2. Банктің уәкілетті орган немесе уақытша әкімшілік (банкті уақытша басқарушы) шектеулер қойған бұрын қабылданған міндеттемелері бойынша банктің корреспонденттік шотына төлем талаптарын-тапсырмаларын ұсынған кезде, осы құжаттарды орындау мерзімі көрсетілген тұлғалардың банктің қызметіне шектеу қою туралы шешімінің күші жойылғанға дейін тоқтатылады.

Банктің корреспонденттік шотына ақша жіберушінің акцептін талап ететін төлем талаптары-тапсырмалары ұсынылған жағдайда банктің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімде акцептеу үшін оны банкке береді.

37-3. Ақша жіберуші акцептеген төлемдік талап-тапсырмалар, сондай-ақ орындалу мерзімі уақытша тоқтатылған акцептеуді талап етпейтін төлемдік талап-тапсырмалар банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшеде сақталады және баланстан тыс шотта есептеледі.

Осы төлем құжаттары баланстан тыс шотқа кіріске алынған кезде банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше келесі жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқауды жіберушіге (бастамашыға) және уақытша әкімшілікке (уақытша басқарушыға) тиісті хабарлама жібереді.

Ескерту. 37-3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 66 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

37-4. Банктің корреспонденттік шотына ұсынылатын инкассалық өкімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындалады.

37-5. Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшеге баланстан тыс шотта тұрған төлем талаптарын-тапсырмаларын орындау қажеттігі туралы соттың тиісті шешімі түскен кезде банктің корреспонденттік шотында ақша

жеткілікті болған кезде осы талаптарды орындау олардың банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшеге түсу тәртібімен (күнтізбелік кезектілік) жүргізіледі.

Банктің корреспонденттік шотында баланстан тыс шоттан шығарылған төлем талаптарын-тапсырмаларын орындау үшін ақша жеткіліксіз болған кезде осы тапсырмалар картотекаға түседі және картотекаға түскен күннен бастап бір жыл бойы сақталады.

Ескерту. 37-5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 66 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

37-6. Картотекада тұрған төлем құжаттарын орындау Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген кезектілікпен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындалады. Бір кезекке жатқызылатын төлем құжаттарын орындау олардың банкке түскен уақыты бойынша кезектілікпен жүргізіледі.

37-7. Банктің қаржылық жағдайының сауығуына байланысты оны консервациялау тоқтатылғаннан және уәкілетті органның немесе уақытша әкімшіліктің (банкті уақытша басқарушының) банкке оның қызметіне шектеу салу туралы шешімі күшін жойғаннан кейін ақша жеткілікті болған кезде бірінші кезектегі тәртіппен салық органдарының салық берешегі сомасын өндіріп алуға шығарылған инкассалық өкімі орындалады.

Банктің корреспонденттік шотына қойылған қалған талаптарды орындау олардың банктің корреспонденттік шотына ұсынылған тәртібімен күнтізбелік кезектілікпен жүзеге асырылады. Төлем талаптары-тапсырмалары жүйеден тыс есептен шығарылады.

37-8. Уәкілетті орган банкті мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі бойынша тарату комиссиясын тағайындаған кезде жүйеден тыс есепте және картотекада тұрған талаптарды банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше қабылдау-өткізу актісі бойынша тарату комиссиясына береді және баланстан тыс шоттан есептен шығарылады.

Ескерту. 37-8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 66 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

3-2-тарау. Банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырылған банктің корреспонденттік шотын жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-2-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы N 66 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулыларымен.

37-9. Ұлттық Банк уәкілетті мемлекеттік органнан банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру туралы шешімді алған кезде банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде көзделген шығыстарға және банкке түскен ақшаны есептеуге байланысты жағдайларды қоспағанда, банктің корреспонденттік шоты бойынша Орталықтың төлем жүйесі арқылы жүзеге асырылатын шығыс операцияларын тоқтатады. Картотекаға орналастырылған, оның ішінде ішінара орындалған төлем құжаттарының орындалуы тоқтатылады.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 85 қаулысымен.

37-10. Уақытша әкімшілік (уақытша басқарушы) Ұлттық Банкке уәкілетті органның уақытша басқарма тағайындау туралы шешімінің көшірмесін және оны тағайындаған сәттен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде банктің атынан құжаттарға қол қоюға құқығы бар лауазымды тұлғалардың қол қою үлгілері және мөрдің бедері бар құжаттарды тапсырады.

37-11. Банктің корреспонденттік шотына ақша жіберушінің акцептеуін талап ететін төлемдік талап-тапсырмалар ұсынылған кезде банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше төлемдік талап-тапсырманы алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей акцептеу үшін уақытша әкімшілікке (уақытша басқарушыға) береді.

37-12. Акцептелген төлемдік талап-тапсырмалар және банктің бұрын қабылданған міндеттемелері бойынша акцептеуді талап етпейтін төлемдік талап-тапсырмалар банктің ұстауға арналған уақытша әкімшіліктің (уақытша басқарушының) қызметін қамтамасыз етуге байланысты шығыстарына байланысты, төлемдік талап-тапсырмаларды қоспағанда, орындалмайды және баланстан тыс шотта есептеледі.

37-13. Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше корреспонденттік шотқа ұсынған инкассалық өкімдер орындалмайды және баланстан тыс шотта есептеледі.

37-14. Төлем құжаттары баланстан тыс шотта есепке алынған кезде банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше келесі жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқауды жіберушіге (бастамашыға) тиісті хабарлама жібереді. Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше ай сайын уақытша әкімшілікке (уақытша басқарушыға) банктің корреспонденттік шотына ұсынылған, есепке алынған төлем құжаттары туралы мәліметтер ұсынады.

37-15. Уәкілетті орган соттың банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешімі

бойынша тарату комиссиясын тағайындаған кезде картотекадағы және баланстан тыс шоттағы төлем құжаттары қабылдау - өткізу актісі бойынша тарату комиссиясына өткізіледі және бір мезгілде тиісті баланстан тыс шоттардан есептен шығарылады.

3-3-тарау. Банктің корреспонденттік шотын оны қайта құрылымдау кезінде жүргізу тәртібі

Ескерту. 3-3-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2009.08.24 N 85 қаулысымен.

37-16. Ұлттық Банк соттың банкті қайта құрылымдауды жүргізу туралы шешімінің көшірмесін алған кезде атқару ісін жүргізу органдарының атқару құжаттары, оның ішінде ішінара атқарылған құжаттар бойынша бұрын ұсынылған төлемдік талап-тапсырмаларды және инкассалық өкімдерді орындау соттың банкті қайта құрылымдауды тоқтату туралы шешімінің көшірмесін алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Банкі қайта құрылымдау кезеңінде уәкілетті органдардың банктің ақшасына тыйым салу туралы бұрын ұсынылған шешімдерін (қаулыларын) орындау тоқтатыла тұрады.

37-17. Салық қызметі органдарының және кеден органдарының банктің корреспонденттік шотына ұсынылатын инкассалық өкімдері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) және Ақша төлемі мен аударымы туралы Заңда, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1155 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 25 сәуірдегі N 179 қаулысында (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесі) белгіленген тәртіппен орындалады.

37-18. Банктің корреспонденттік шотына оны қайта құрылымдау кезеңінде ақша жіберушінің акцептеуі талап етілетін төлемдік талап-тапсырмалар ұсынылған жағдайда банктің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше Ақша төлемі мен аударымы туралы заңда және Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесінде көзделген мерзімдерде оларды акцептеу үшін банкке береді.

Ақша жіберушінің акцептеген төлемдік талап-тапсырмалары акцептеу

күнінен кейінгі операциялық күннен кешіктірмей, осы Ережеде, сондай-ақ Ақша төлемі мен аударымы туралы заңда және Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесінде көзделген тәртіппен орындалуы тиіс .

37-19. Акцептеу талап етілмейтін төлемдік талап-тапсырмаларды, сондай-ақ атқару ісін жүргізу органдарының атқару құжаттары бойынша орындау мерзімі тоқтатыла тұрған инкассалық өкімдерін банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше банкті қайта құрылымдау тоқтатылғанға дейін баланстан тыс ш о т т а е с е п к е а л а д ы .

Осы төлем құжаттары баланстан тыс шотқа кіріске алынған кезде банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше келесі жұмыс күнінен кешіктірмей нұсқау жіберушіге (бастамашыға) және банкке тиісті хабарлама ж і б е р е д і .

37-20. Осы Ереженің 37-19-тармағында көрсетілген төлем құжаттарын қайтару жіберушінің (бастамашының) нұсқауды қайтару туралы жазбаша өкімі н е г і з і н д е жү р г і з і л е д і .

37-21. Банктің қаржылық жағдайының жақсаруына және соттың қайта құрылымдауды тоқтату туралы шешім қабылдауына байланысты банкті қайта құрылымдау тоқтатылғаннан кейін картотекадағы төлем құжаттарын орындау Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, Салық кодексінде, Ақша төлемі мен аударымы туралы заңда және Қазақстан Республикасының аумағында төлем құжаттарын пайдалану және ақшаның қолма-қол жасалмайтын төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру ережесінде көзделген тәртіппен және кезектілікпен жүргізіледі.

4-тарау. Қолма-қол ақшаны қабылдау және беру тәртібі

38. Қолма-қол ақшаны банкке немесе оның филиалына беруді, сондай-ақ банктен немесе оның филиалынан ақша қабылдауды және санап алуды Ұлттық Банктің эмиссиялық-кассалық операциялар жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес Ұлттық Банктің филиалы жүзеге асырады.

Осыған орай жоғарыда көрсетілген актілерге сәйкес банк немесе банктің филиалы қолма-қол ақшаны алатын күннің қарсаңында Ұлттық Банктің филиалына қолма-қол ақшаны алуға өтінім тапсырады.

39. Осымен бір мезгілде Операциялық күн кестесіне сәйкес банк банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшеге Ұлттық Банктің филиалдарының есеп айырысу кассалары арқылы қолма-қол ақшаны

электрондық байланыс арналары арқылы (4 қосымша) банктің корреспонденттік есепшотындағы ақшаны резервке беру үшін өтініш (бұдан әрі - резервтеуге өтініш) жібереді.

Ескерту: 39-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147, 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

40. Ұлттық Банк пен банк арасындағы электрондық байланыс арналарын пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде ақша резервтеуге өтінім банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшеге факсимильдік байланыс құралдары немесе банктің уәкілетті адамы арқылы жіберіледі.

Ақша резервтеуге алынған өтінім өтінімнің күнін және нөмірін, банктің атауын, банктің корреспонденттік шотында резервтелетін ақша сомасын көрсете отырып, арнайы журналда тіркеледі.

Ескерту: 40-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

41. Резервтеуге өтініштің күшін жою негіздері:

1) егер резервтеуге өтініште көрсетілген резервтелетін сома операциялық күннің басында банктің корреспонденттік есепшотындағы қалдықтан асып тұрса;

2) өтініш берген банктің өтінімі бойынша;

3) бұрынғы қабылданған өтініштің орнына банктен жаңа өтініш түссе;

4) резервтеуге өтініш банктен Операциялық күн кестесіне сәйкес резервтеуге өтінішті қабылдау жөніндегі операциялық күн аяқталғаннан кейін түссе;

5) ақша жіберуші болып табылатын банктің корреспонденттік есепшотында инкассалық өкімді және/немесе ақша жіберушінің акцептін талап етпейтін төлем талап/тапсырмасын орындау үшін ақша жеткіліксіз болған кезде.

Осылай болғанда резервтеуге өтініштің күшін жою туралы күшін жою себептерін көрсете отырып, банкке хабарлама жібереді.

Ескерту: 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 542 қаулысымен.

42. Банк резервтеуге өтініштің күшін Ұлттық Банктің филиалдарының бірі оны орындай бастаған жағдайда жоя алмайды.

43. Резервтеуге өтініштің негізінде және банктің корреспонденттік есепшотында ақша жеткілікті болған кезде банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше ақшаны банктің корреспонденттік есепшотында резервтейді.

Ескерту: 43-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

44. Банк Операциялық күн кестесіне сәйкес Ұлттық Банктің филиалының есеп айырысу кассасынан өзінің филиалы ала алатын қолма-қол ақша сомасы туралы ақпаратты өз филиалдарына жеткізеді.

45. Қолма-қол ақша берілетін күннің басында резервтеуге өтініштің негізінде банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше банктер және/немесе олардың филиалы ала алатын қолма-қол ақша сомасы көрсетілген жиынтық электронды ведомостарды (бұдан әрі ведомость) (5 қосымша) жасап, оларды Ұлттық Банктің тиісті филиалдарына жібереді.

Ескерту: 45-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 542 қаулысымен, 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147, 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

46. Қалыптастырылған электронды ведомостар Ұлттық Банктің бөлінген телекоммуникация арналары бойынша Ұлттық Банктің филиалдарына жіберіледі.

Ескерту: 46-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 542 қаулысымен.

47. Тармақ алынып тасталынды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 542 қаулысымен.

48. Банк немесе банктің филиалы қолма-қол ақшаны алуға берілген чекті Ұлттық Банктің филиалына көрсетеді. Ұлттық Банктің филиалы көрсетілген чектің барлық деректемелерінің дұрыс толтырылғандығын тексереді, сондай-ақ мөр бедері мен чекке қойылған қолды қолда бар үлгілермен салыстырып тексереді.

49. Банк немесе банктің филиалы Ұлттық Банктің филиалына көрсеткен чек бойынша қолма-қол ақша беруден бас тартуға негіз болмаған жағдайда Ұлттық Банкке немесе банктің филиалына қолма-қол ақша береді.

50. Ұлттық Банктің филиалы қолма-қол ақшаны бергеннен кейін банктің Ұлттық Банктің бөлімшесінде ашылған корреспонденттік есепшотындағы ақшасын шығарып тастауға арналған дебеттік тапсырманы жасап, оны банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшесіне жолдайды. Дебеттік тапсырмадағы төлемнің арнауында чектің барлық деректемелері көрсетіледі.

Ескерту: 50-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

51. Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше дебеттік тапсырма негізінде банктің корреспонденттік есепшотынан ақшаны алып тастап (шығарып тастап), банктің корреспонденттік есепшотын берілген қолма-қол ақша сомасына дебеттеу туралы Ұлттық Банктің филиалына хабарлама жолдайды.

Ескерту: 51-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

5 2 . < * >

Ескерту: 52-тармаққа өзгерту енгізілді, алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 желтоқсандағы N 542 қаулысымен, 2004 жылғы 25 қыркүйектегі N 136 қаулысымен.

53. Чектің түпнұсқасы Ұлттық Банк филиалының күнделікті құжаттарына т і г і л е д і .

Ескерту: 53-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 355 қаулысымен.

54. Ұлттық Банктің филиалына банк немесе банктің филиалы көрсеткен чек бойынша қолма-қол ақша беруден бас тартуға негіз мынадай:

1) чекте көрсетілген соманың филиалға қолма-қол ақша беруге арналған банк осы филиал үшін резервтеуге өтініште белгіленген лимит сомасынан асып тұруы;

2) резервтеуге өтініштің болмауы;

3) чектің тиісті дәрежеде ресімделмеуі;

4) заңдарда және/немесе корреспонденттік есепшот шартының талаптарында белгіленген өзге де талаптардың орындалмауы.

Ескерту: 54-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 11 тамыздағы N 293 қаулысымен.

55. Банктен немесе банктің филиалынан ақша қабылдағанда Ұлттық Банктің филиалы қабылдаған қолма-қол ақшаның сомасына арналған кредиттік тапсырманы осы соманы банктің корреспонденттік есепшотына жазу үшін банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімшесіне жолдайды.

Ескерту: 55-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

56. Банктен және/немесе банктің филиалынан қабылданған қолма-қол ақшаны санаған кезде анықталған артылып қалған сома банктің корреспонденттік есепшотына жазылады, ал жетпеген сома Ұлттық Банк пен банктің арасында жасалған корреспонденттік есепшот шартына сәйкес банктің корреспонденттік есепшотынан оның келісімінсіз артылып қалу немесе жетіспей қалу факты анықталғаннан кейінгі үш жұмыс күнінің ішінде есептен шығарылады.

5-тарау. Қорытынды ережелер

57. Банктің корреспонденттік есепшотын жапқан кезде Ұлттық Банк корреспонденттік есепшотты ашқан кезде банктен алған құжаттар мен

анықтамаларды оған қайтармайды.

Банктердің корреспонденттік шоттарын жүргізетін бөлімше корреспонденттік шот жабылғаннан кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға хабарларды кепілдікпен жеткізуді қамтамасыз ететін электрондық байланыс арналары арқылы сәйкестендіру нөмірін көрсете отырып, корреспонденттік шоттың жабылғаны туралы хабарлайды.

Техникалық проблемалардың туындауына байланысты осындай электрондық байланыс арналары арқылы корреспонденттік шоттың жабылғаны туралы хабарлауға мүмкін болмаған кезде хабарлама қағазға басылып салық төлеуші орналасқан (тұратын) жер бойынша салық органына үш жұмыс күні ішінде жіберіледі. Ұлттық Банктің салық қызметі органына корреспонденттік шотты жабу туралы хабарламасының көшірмесі клиенттің ісіне тігіліп, сақталады.

Ескерту: 57-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз), 2009.09.25 N 91 (2-т. қараңыз), 2012.03.26 № 108 (2-тармақты қараңыз) қаулыларымен.

58. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес шешіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Ескерту: NN1-5 қосымшаларының оң жақтағы жоғарғы бұрышында:

"N" белгісі және "екінші деңгейдегі" деген сөздер алынып тасталды;

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 28 наурыздағы N 37 қаулысымен бекітілген" деген сөздер алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 74 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ұлттық
Банкімен банктердің, сондай-ақ
банк операцияларының жекелеген
түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың
арасында корреспонденттік қатынастар
орнату жөніндегі ережелерге 1-қосымша

Ескерту: 1-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.10.24. N 84 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Банктік сәйкестендіру кодының құрылымы

1. Банктік сәйкестендіру кодының құрылымы сегіз әріптік-цифрлық разрядтан тұрады, мұндағы:

1) бірінші, екінші, үшінші және төртінші разрядтар - банктің банк атауының төрт әріптік символынан тұратын бірегей коды. Банктің оның құрылтай құжаттарында көрсетілген атауына сәйкес келетін қысқартылған атауы пайдаланылады және латын әріптерімен белгіленеді. Банктің бірегей коды банкпен келісім бойынша беріледі;

2) бесінші және алтыншы разрядтар - елдің коды. Қазақстан Республикасының халықаралық коды - KZ пайдаланылады;

3) жетінші және сегізінші разрядтар - банк орналасқан жердің (қала, аймақ) әріптік-цифрлық символынан тұратын коды. Жетінші разряд Алматы қаласында орналасқан банктер үшін "К" мәнін, Қазақстанның аймақтық банктері үшін "2" мәнін қабылдайды, сегізінші разряд аймақ немесе қала ішіндегі қосымша бөлімшені айқындайды және "0" және "1" цифрлары мен "О" әрпін қоспағанда, кез келген мәнді қабылдай алады.

Ұлттық Банкі мен банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастар орнату жөніндегі Ережелеріне

2 қосымша

Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ұсынған төлем құжаттары тізімдемесін тіркеу журналы

рет	Банктің атауы	Алған күні және уақыты	Тізімдеме нөмірі	Тізімдеме дегі	Тізімдеме нің	Нұсқау қабылданғаннан кейін тізімдеменің екінші данасы қайтарылған күні

т а б л и ц а н ы ң

ж а л ғ а с ы

Қабылданбаған құжаттар саны	Қабылданбаған құжаттар	Қайтарылған құжаттар	Қайтарылған құжаттардың себебі	Ұлттық Банк филиалының жауапты

		сомасы	деректеме.		орындау.
			лері		шысының
					аты-жөні

Ұлттық Банкі мен банктердің,
сондай-ақ банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдардың арасында корреспонденттік
қатынастар орнату жөніндегі Ережелеріне

3 қосымша

**Ескерту: 3-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.**

**Корреспонденттік есепшот бойынша жасалған
операцияларды тіркеу ведомосты**

(банктің атауы)

199__ жылғы _____ айында _____
(Ұлттық Банктегі банктің корреспонденттік есепшотының нөмірі)

Ұлттық Банк корреспонденттік есепшот бойынша

(банктік атауы)

_____ есепшот бойынша _____
(банктің балансындағы _____ (жеке есепшот нөмірі)
жеке есепшот нөмірі)

жазба күжат сомасы сомасы айырмашы.					жазба күжат сомасы сомасы айыр.				
күні	N	дебет	кредит	лықты	күні	N	дебет	кредит	машыл
				реттеу					ықты
				күні					рет.
									теу
									күні
1	2	3	4	5	1	2	3	4	5

_____ біріндегі _____ біріндегі
(айы) (айы)

Ұлттық Банк балансындағы жеке есепшоттан алынған үзінді бойынша сальдо
Банктің балансындағы жеке есепшоттан алынған үзінді бойынша сальдо

Барлық өткізілгені: _____ Барлық өткізілгені: _____
Балансы: _____ Балансы: _____

Айырым сомасы _____

Монетарлық операцияларды есепке алу басқармасының бастығы
Банктің бастығы
Корреспонденттік шоттар мен төлемдерге қызмет көрсету бөлімінің бастығы
Бас бухгалтер

Ұлттық Банкі мен банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастар орнату жөніндегі Ережелеріне

4 қосымша

Ескерту: 4-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005.11.17 N 147, 2009.09.25 N 91 (2-т. қараңыз) қаулыларымен.

19 __ жылғы " __ " _____ Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі
Монетарлық операцияларды

есепке алу басқармасы

Банктің корреспонденттік есепшотында ақша резервтеуге және банктің және/немесе банктің филиалының қолма-қол ақша алуға арналған

N__ Өтінімі

Банктің атауы _____

Банктің банктік сәйкестендіру коды _____

Банктің корреспонденттік есепшот нөмірі _____

Банктің корреспонденттік есепшотындағы резервтелетін ақша сомасы _____

(с а н м е н)

(ж а з б а ш а)

Резервтелген күн 199__ жылғы " __ " _____

Берілетін қолма-қол ақша сомасы

--	--	--	--	--

N	Банктің және/немесе банктің филиалының сәйкестендіру коды	Банктің атауы/ Банктің коды (банк филиалының коды)	Ұлттық Банктің филиалы	Қолма-қол ақшаны беруге арналған лимит сомасы	
				санмен	жазбаша
1.					
2.					
Жиынтық саны:					

Қ о л д а р ы :

Банктің төрағасы:

Бас бухгалтер:

Ұлттық Банкі мен банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастар орнату жөніндегі Ережелеріне

5 қосымша

Ескерту: 5-қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005.11.17 N 147, 2009.09.25 N 91 (2-т. қараңыз) қаулыларымен.

Қазақстан Республикасының

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Монетарлық операцияларды

есепке алу басқармасы

Ұлттық Банктің филиалы _____ арқылы банктің (а т а у ы)

және/немесе банк филиалының қолма-қол ақшаны алуға арналған 199__ жылғы " ____ " _____

N _____ ведомосты

N	Резервтеуге өтінім берген банктің атауы	Резервтеуге арналған өтінім нөмірі	Алушы банктің атауы	Алушы банктің банктік сәйкестендіру коды/ Алушы банкінің коды (/ банк филиалының коды)	Қолма-қол ақшаны беруге арналған лимит сомасы:	
					санмен	жазбаша
1.						
2.						
Жиынтық саны:						

Қолдары:

М о н е т а р л ы қ о п е р а ц и я л а р д ы

есепке алу басқармасының бастығы

Жауапты орындаушы

Ұлттық Банкі мен банктердің, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын

ұйымдардың арасында корреспонденттік қатынастар орнату жөніндегі Ережелеріне

6-қосымша

Ескерту: 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 17 қарашадағы N 147 қаулысымен.

Жүйеден тыс есепке алу журналы

N	Төлем құжатын есепке алу үшін қабылданған күн	Төлем құжатының нөмірі және күні	Ақша жіберуші	Нұсқаудың бастамашысы	Төлем құжатын есепке алу үшін қабылдау негізі	Төлем құжатын орындаған/ картотекаға түскен және негізі күні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК